ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ

№94-96
(2472-2474)
Бейсенбі
12 қараша
2026 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНДАҒЫ ЕКІ АУЫЛДЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ ГАЗ ТҰТЫНА БАСТАДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ергешбаев Қазалы ауданына жұмыс сапары кезінде құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, зиялы қауым өкілдерімен бірге Жанқожа батыр және Ү.Түктібаев ауылдарына газ қосу рәсіміне қатысты.

Ауыл тұрғындарын көптен күткен игіліктің іске асуымен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

«Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Ауыл – біздің алтын бесігіміз. Ауылдағы тіршілік сапасын жақсартпай, жалпы ұлттық дамуды елестету мүмкін емес», – деген болатын.

Бүгін Жанқожа батыр және Ү.Түктібаев ауылдарын көгілдір отынға қосудамыз.

Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен өңіріміздің барлық саласында серпінді жобалар жүзеге асып, әлеуметтік-экономикалық даму



бағытында оң тенденция қалыптасты. Тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін баспанамен қамту, инфрақұрылымды қайта жаңғырту қарқын алды. Мемлекет басшысының тапсырмасымен барлық елді мекенге 100 пайыз сапалы ауыз су жеткізілді.

Қызылорда қаласында «Aksa Energy» компаниясы 215 млрд. теңгеге қуаттылығы 240 мегават жаңа жылу электр орталығын салып, бүгінде ел игілігіне қызмет етуде. Сондай-ақ, 1,5 мың шақырымдық «Бейнеу-Шымкент» газ құбырының екінші желісі жоспарлануда. Газ құбырына 3 трлн. теңге бөлінеді, оның 1,7 трлн. теңгеге салынатын 846 шақырымы облыс аумағынан өтеді.

Елдің дамуы ауылдан, ауылдың гүлденуінен басталады. Бүгінгі қуаныш әрбір отбасына бақыт пен шаттық әкелсін!» – деді Мұрат Нәлқожаұлы.

Рәсімде ел ағалары Әлімбай Қасқырбай, Берік Бисембаев сөз сөйлеп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосқан азаматтар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Өңірде 2022-2025 жылдар аралығында 65 млрд. теңгеден астам қаржыға 77 жоба жүзеге асты. Былтыр 18 жобаға 17 млрд. теңгеден астам қаражат бөлініп, 11 елді мекенге газ келді. Аймақта газдандыру деңгейі 83 пайыз болды.

Жыл соңына дейін тағы 10 елді мекен тұрғындары газ игілігін көріп, халықты қамту деңгейі 85 пайыздық межеге жетеді.

Бұдан бөлек, «ҚазақГазАймақ» акционерлік қоғамының инвестициялық бағдарламасы аясында 10 млрд. теңгеге 6 елді мекенді газдандыру жоспарланған.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ҰСЫНЫСТАРЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ЗЕРДЕЛЕНЕДІ



Облыс әкімі Мұрат Ергешбаев Қазалы ауданына жұмыс сапары кезінде халықпен кездесіп, құқық қорғау органдары басшыларымен бірге тұрғындарды жеке қабылдады. Қабылдауға келген 60-тан астам азамат ұсыныс-тілектерін білдірді.

Аймақ басшысы қазалылықтар көтерген мәселелерге қатысты жауапты тұлғаларға тиісті тапсырмалар берді. Барлық мәселе жан-жақты зерттеліп, заң аясында шешім шығарылады.

Тұрғындар негізінен электр желілерін қайта жаңғырту, жол салу, жылу жүйесін кеңейту, тұрғын үймен қамтамасыз ету, асфальт төсеуге қатысты сауалдарын қойды.

Атап айтсақ, «Өркендеу» ауылының тұрғыны «Өркендеу», «Бірлік», Қожабақы және «Аранды» ауылдарын газдандыру жайын сұрады. Қазір Қазалы ауданының оңтүстік бөлігіндегі газдандыруды қажет ететін 9 елді мекенде 6 849 адам тұрады, 1 319 тұрғын үй, 45 әлеуметтік нысан мен 323 кәсіпкерлік субъектісі бар.

«Қызылорда облысы, Қазалы ауданының «Жанкент», «Бірлік», Қожабақы, «Аранды» елді мекендеріне жеткізуші газ құбырын салу» жобасы әзірленген. Жобаны жүзеге асыруға 4 млрд. 558,155 млн. теңге жоспарланған, алдағы 2027 жылға 1 млрд. 769,652 млн. теңге көлемінде қаржы бөлу мақұлданды. Құрылыс жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізіледі. Алдымен ауылдарға жеткізуші газ құбыры тартылып, одан кейін ішкі газ желілері салынады.

Әйтеке би кентінің тұрғыны жаңадан Оқушылар үйін салу мәселесін қозғады. Оқушылар үйін кент орталығындағы №249 мектептің бос жатқан жер учаскесіне салу жоспарлануда. Бұл құрылыс облыс бойынша жоба- сметалық құжаттамаларды әзірлеудің тиімділігін қарау жөніндегі кеңесте қолдау тапты. Жоба-сметалық құжаттама демеушілік қаражат есебінен әзірленіп, оң сараптама қортындысы алынған.

Қызылорда облысы әкімнің баспасөз қызметі

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№7 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ УРКИМБАЕВ ХАМИТ ГАБИТОВИЧТІҢ ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Уркимбаев Хамит Габитович 1984 жылы 2 ақпанда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Жаңақазалы поселкесінде дүниеге келдім.

Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі Жаңқожа батыр атындағы №70 орта мектепті 2001 жылы бітірдім.

Білімім арнаулы орта. Ақтөбе қаласындағы «Кооператив» атындағы колледжді «Салық» мамандығы бойынша 2011 жылы тәмамдадым.

Отбасылымын, 4 бала тәрбиелеп отырмын.

2023 жылдан бастап «Орман шаруашылығы және жануарларды қорғау» КММ шебері болып қызмет атқарып келемін.

№7 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ УРКИМБАЕВ ХАМИТ ГАБИТОВИЧТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Әйтеке би кентінің батыс және солтүстік-батыс бөліктерінің инфрақұрылымын жетілдіру, тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыру және аумақтың дамуына бағытталған бастамаларым.

1. Көше жолдарын кезең-кезеңімен жаңғырту

Округ аумағындағы жөндеуді қажет ететін жолдардың сапасын жақсарту, асфальт төсеу және көлік қатынасына қолайлы жағдай жасауға ықпал ету.

2. Түнгі жарықтандыру сапасын арттыру

Көшелерге қосымша жарық шамдарын орнату, ескірген жарық жүйелерін жаңарту және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге атсалысу.

3. Таза ауызсудың қолжетімділігін қамтамасыз ету

Су құбырларының жағдайын жақсарту, тозған желілерді жаңғырту және ауызсумен қамту мәселелерінің шешілуіне ықпал ету.

4. Аула кеңістіктерін абаттандыру

Тұрғын үйлердің айналасын көркейту, балалар ойын алаңдарын жаңарту және отбасылық демалысқа қолайлы орындар қалыптастыруға атсалысу.

5. Инженерлік желілердің сенімділігін күшейту

Электр және кәріз жүйелерінің тұрақты жұмыс істеуіне, коммуналдық инфрақұрылымды жаңарту жұмыстарына ықпал ету.

6. Әлеуметтік қолдау мүмкіндіктерін кеңейту

Көпбалалы отбасылардың, зейнеткерлердің және әлеуметтік осал азаматтардың мәселелерін көтеріп, тиісті қолдау шараларының көрсетілуіне атсалысу.

7. Жергілікті еңбек нарығын дамыту

Тұрғындарды кәсіби даярлау, қайта оқыту бағдарламаларына тарту және еңбекке орналасу мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал ету.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

№15 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ МАХСАТБАЕВ АЗИЛХАН НАГАШИБАЕВИЧТІҢ ӨМІРБАЯНЫ



Махсатбаев Азилхан Нагашибаевич 8 тамыз 1977 жылы Қазалы ауданы, «Бозкөл» ауылдық кеңесіне қарасты «Лахалы» бөлімшесінде дүниеге келген. Мектеп бітірген соң, 2000-2004 жылдары Қорқыт-ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік Университетінің «Халық әні» кафедрасының «Дәстүрлі өнер-жыр» факультетінде білім алып, «Жырау – фольклоршы, арнаулы пәндердің оқытушысы» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2005 жылы Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі Жаңқожа батыр атындағы №70 мектептің ән үйірмесінің жетекшісі болып бастады.

2006 жылдан Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Р.Бағланова атындағы аудандық мәдениет Үйінің әдіскері, 2010 жылы аудандық мәдениет Орталығының директоры, 2011 жылы «Әйтеке би кенттік және ауылдық клубтар» МКҚК-ның директоры, 2013 жылы «Қазалы қалалық және ауылдық мәдениет Үйлері» МКҚК-ның директоры, 2014 жылы Қазалы қаласы әкімі аппаратының «Қалалық мәдениет Үйі» МКҚК-ның директоры, 2025 жылы Қазалы аудандық «Роза Бағланова атындағы мәдениет орталығы» МКҚК- ның директоры, 2025 жылдың шілде айынан бастап Қазалы аудандық тарихи-өлкетану музейі филиалының меңгерушісі болып қызмет атқарып келеді.

Халықаралық, республикалық, облыстық ән-жыр әншілер конкурстарының дипломанты, лауреаты атанды.

Шығармашылық жетістіктері үшін облыс, аудан әкімдерінің Алғыс хаттарымен марапатталды.

Отбасылы, үш қыз, бір ұл тәрбиелеп отырған ардақты әке.

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№15 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ МАХСАТБАЕВ АЗИЛХАН НАГАШИБАЕВИЧТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

«Арықбалық», Шәкен, «Көларық», «Майлыбас» ауылдық округтері мен «Майлыбас», «Байқожа», №99, №101, №102 теміржол бекеттері аумағындағы әлеуметтік жағдайды жақсарту, инфрақұрылымды жетілдіру және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру жөніндегі бастамаларым.

1. Шалғай елді мекендердің тұрмысын жақсарту

Теміржол бекеттері мен ауыл тұрғындарының күнделікті қажеттіліктерін ескеріп, әлеуметтік және коммуналдық қызметтердің қолжетімділігін арттыруға ықпал ету.

2. Білім беру мүмкіндіктерін кеңейту

Ауыл мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайту, оқу кабинеттерін жабдықтау және балаларға сапалы білім алуға жағдай жасауға атсалысу.

3. Ауызсумен қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру

Елді мекендердегі су желілерін жаңарту, ауыз-су сапасын жақсарту және сумен қамтудағы өзекті мәселелерді шешуге ықпал ету.

4. Ауыл жолдарын кезең-кезеңімен жаңарту

Ауылішілік көшелерді жөндеу, қиыршық тас төсеу және елді мекендерді байланыстыратын жолдардың сапасын арттыру мәселелерін көтеру.

5. Денсаулық сақтау қызметін қолжетімді ету

Медициналық пункттердің жағдайын жақсарту, көшпелі дәрігерлік тексерулерді ұйымдастыру және тұрғындарға медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға атсалысу.

6. Мал шаруашылығының тұрақты дамуын қолдау

Жайылымдық жерлерді тиімді пайдалану, ветеринариялық қызмет сапасын жақсарту және мал өсірушілердің өзекті мәселелерін шешуге ықпал ету.

7. Әлеуметтік қамқорлық пен қолдауды күшейту

Аз қамтылған отбасыларға, зейнеткерлер мен ерекше қажеттілігі бар азаматтарға әлеуметтік көмектің қолжетімділігін арттыруға және олардың тұрмыстық мәселелерін шешуге атсалысу.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№ 6 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ЕРЕЖЕПОВА ГУЛЬНУР ШАЛКАРБЕКОВНАНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Мен,Ережепова Гульнур Шалкарбековна 1987 жылы 30 шілдеде Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Бекарыстан би аулында дүниеге келдім.

1993-2004 жыдары Қазалы ауданы,Әйтеке би кентіндегі Ы.Алтынсарин атындағы №204 орта мектебінде білім алдым.

2004–2007 жылдары Ақтөбе гуманитарлық колледжінде білім алып, «Бастауыш сынып мұғалімі және мектепке дейінгі, мектептен тыс мекемелердегі тәрбиеші» мамандығы бойынша бітірдім.

2013–2016 жылдары Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінде «Педагогика және психология» мамандығы бойынша жоғары білім алдым.

Еңбек жолымды 2007 жылы Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі «Шұғыла» балабақшасында тәрбиеші қызметінен бастап, 2020 жылға дейін тәрбиеші, 2020–2024 жылдары педагог-ұйымдастырушы қызметтерін атқардым.

2024 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Қызылорда облысының білім басқармасының, Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің №28 «Ақбота» бөбекжай- балабақшасында» меңгеруші қызметін атқарып келемін.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында мол тәжірибе жинақтап, педагогикалық және ұйымдастырушылық бағытта кәсіби біліктілігімді шыңдадым. Басшылық қызметте білім беру ұйымының жұмысын тиімді ұйымдастыруға, педагогикалық ұжымның кәсіби әлеуетін арттыруға, тәрбиеленушілерге сапалы білім мен тәрбие беруге, қауіпсіз әрі қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға басымдық беремін.

Отбасылымын. Бір ұл, екі қыз тәрбиелеп отырмын.

№6 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ЕРЕЖЕПОВА ГУЛЬНУР ШАЛКАРБЕКОВНАНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Әйтеке би кентінің орталық бөлігінің қоғамдық әлеуетін арттыру, әлеуметтік қызметтерді жетілдіру және тұрақты дамуына үлес қосу жөніндегі міндеттерім.

1. Қауіпсіз қозғалыс кеңістігін құру

Жаяу жүргіншілер өткелдерін жаңарту, жол белгілерін реттеу және көлік қозғалысы қарқынды көшелерде қауіпсіздік шараларын күшейтуге ықпал ету.

2. Жасыл аймақтар мен демалыс мәдениетін дамыту

Саябақтар мен шағын демалыс орындарын көркейту, ағаш отырғызу және тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуіне жағдай жасауға атсалысу.

3. Қоғамдық тәртіпті нығайту

Адамдар көп шоғырланатын орындарға бейнебақылау камераларын орнату және құқық бұзушылықтың алдын алу бастамаларын қолдау.

4. Кәсіпкерлікке қолайлы орта қалыптастыру

Шағын және орта бизнес өкілдерінің ұсыныстарын қолдау, сауда және қызмет көрсету саласының дамуына ықпал ету.

5. Жастардың шығармашылық әлеуетін ашу

Жастарға арналған мәдени, білім беру және шығармашылық жобаларды қолдап, олардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуына жағдай жасау.

6. Қоғамдық тазалық жүйесін жетілдіру

Қоқыс контейнерлерін жаңарту, қалдықтарды уақытылы шығару және санитарлық тазалық жұмыстарын жүйелеуге ықпал ету.

7. Қоғамдық көлік аялдамаларын жаңғырту

Аялдамаларды заманауи талаптарға сәйкестендіру, күту орындарын жабдықтау және жолаушыларға қолайлы жағдай жасауға атсалысу.

8. Білім беру ұйымдарының оның ішінде бала бақшалардың материалдық-техникалық базасын нығайту және де бала бақшалар қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайларын жақсарту мәселесін көтеретін боламын.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№12 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ӘЛІШ ҒАЗИЗ ӘЛМӘМБЕТҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Әліш Ғазиз Әлмәмбетұлы 1966 жылдың 5 шілдесінде Жаңақазалы поселкесінде дүниеге келген. 1983 жылы Қазалы ауданы «Қызылту» совхозында жұмысшы болып істеген. 1983-1988 жылдары Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтының Қызылорда филиалын «инженер-механик» мамандығы бойынша бітірген. 1988-1990 жылдары «Қызылту» совхозында инженер-механик, 1990-1992 жылдары Қазалы қаласындағы «Казсельхозтехника» бірлестігінде аға инженер-дефектовщик, 1992-1994 жылдары «Топырақ құнарлығын арттыру» аудандық бірлестігінде бас инженер, 1994-2000 жылдары Қазалы қаласындағы «Агросуменжабдықтау» механикаландырылған жылжымалы колоннаның бастығы, 2000-2002 жылдары жеке кәсіпкер, 2002-2019 жылдары «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының орынбасары-аймақтық «Тұран-Қазалы» газеті бас редакторының орынбасары, 2019-2023 жылдары «Тұран-Қазалы» ЖШС директоры-газеттің бас редакторы, 2023 жылдың наурыз айынан бастап Қазалы аудандық мәслихатының VIII шақырылымының төрағасы болып сайланып, осы уақытқа дейін қызмет атқарды.

Қазалы аудандық мәслихатының IV, V, VI, VII, VIII шақырылымдарының депутаты. «AMANAT» партиясы Қазалы аудандық филиалының төрағасы болды.

Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаттарымен 5 (бес) мәрте, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Құрмет грамотасымен, ҚР Мәдениет және Ақпарат Министрлігінің Құрмет грамотасымен, Қазақстан Журналистер Одағының Құрмет грамотасымен, Қызылорда облысының Құрмет грамоталарымен, Қызылорда облысы әкімінің Дипломымен, Қызылорда облысы әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталған. «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20, 25, 30 жылдығы» медальдарымен, «Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы» мерекелік медалімен наградталған. «ҚР Ақпарат саласының үздігі».

2026 жылы «AMANAT» партиясының «Белсенді қызметі үшін» медалімен, 2026 жылдың тамыз айында «Қазақстан Республикасының Парламентіне 30 жыл» мерекелік медалімен наградталды.

Отбасылы, төрт бала тәрбиелеп отыр.

№12 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ӘЛІШ ҒАЗИЗ ӘЛМӘМБЕТҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

“Алға, «Ақжона», «Майдакөл» ауылдық округтерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына, инфрақұрылымын жаңғыртуға және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған негізгі басымдықтар.

«Әділет» партиясының негізгі бағдарламалық ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, «Алға», «Ақжона» және «Майдакөл» ауылдық округтерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беру, елді мекендердің инфрақұрылымын жетілдіру, ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсарту және қордаланған мәселелердің кезең-кезеңімен шешілуіне ықпал етуді басты мақсатым деп білемін.

Осы мақсатта төмендегі басым бағыттар бойынша жүйелі жұмыс жүргізуге күш саламын.

I. “АЛҒА”АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША

1. Ауылішілік жол инфрақұрылымын жақсарту.

2. Көшелерді жарықтандыру жүйесін дамыту

3. Мал шаруашылығын сумен қамтамасыз ету.

Ү.Түктібаев аулының маңынан мал суаруға арналған екі су ұңғымасын (скважина) қазу мәселесін тиісті мекемелермен бірлесіп пысықтау.

4. Тарихи тұлғаларды ұлықтау және қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру.

2027 жылы Кеңес Одағының Батыры Үрмәш Түктібаевтың туғанына 110 жыл толуына орай ауылдағы саябақ аумағын абаттандыру, көгалдандыру және көркейту жұмыстарын жүргізуге ықпал ету. Тарихи тұлғаның есімін дәріптеп, жас ұрпақтың туған жерге деген құрметін арттыруға бағытталған бастамаларды қолдау.

II. “АҚЖОНА” АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША

5. Су шаруашылығы инфрақұрылымын қалпына келтіру және ауыл шаруашылығын дамыту.

6. Мал суару үшін су ұңғымасын қазу мәселесін шешу.

Қыс мезгілінде малды тұрақты сумен қамтамасыз ету мақсатында ауыл маңынан бір су ұңғымасын қазу жобасын қолдау.

7. Ауылішілік жолдар мен жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын жаңғырту.

«Майдакөл» аулында жоба-сметалық құжаттамасы әзірленген, жаяу жүргіншілер жолын салу жобасының жүзеге асырылуына ықпал ету.

III. “МАЙДАКӨЛ”АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ БОЙЫНША

8. Білім беру инфрақұрылымын дамыту

Бекарыстан би ауылында заманауи талаптарға сай жаңа мектеп ғимаратын салу мәселесінің шешілуіне ықпал ету.

9. Электрмен жабдықтау жүйесін жаңғырту.

10. Ауыл көшелерін күрделі жөндеуден өткізу.

Бекарыстан би ауылындағы ұзындығы 1,8 шақырым болатын Жетес Ешниязов көшесін, сондай-ақ М. Күзембаев және Е. Тілеубаев көшелеріне күрделі жөндеу жобаларының жүзеге асырылуына ықпал ету.

11. Қоғамдық орындарды көркейту және абаттандыру.

Мен үшін басты міндет – ауыл тұрғындарының күнделікті өміріне тікелей әсер ететін өзекті мәселелердің шешілуіне нақты үлес қосу. Сайлауалды бағдарламамда көрсетілген бастамаларды жүзеге асыру үшін тиісті мемлекеттік органдармен, жергілікті атқарушы мекемелермен және тұрғындармен бірлесе жұмыс жүргізіп, жобалардың қаржыландырылуына, жоспарлы орындалуына және нәтижелі іске асуына ықпал етемін.

Сайлаушыларға ай сайын жеке қабылдау өткізу және жарты жылда бір рет сайлаушылардың алдында есеп беру;

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

№14 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ЖАКСЫЛЫКОВ СУНКАР ШЫНТАЕВИЧТІҢ ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Жаксылыков Сункар Шынтаевич 1983 жылы 20 желтоқсанда Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Жаңақазалы поселкесінде дүниеге келдім.

Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі Ж.Жабаев атындағы №234 орта мектепті 2001 жылы бітірдім.

Білімім жоғары. Қызылорда қаласындағы «Қорқыт Ата» атындағы университетті «Мұнай газ» мамандығы бойынша 2012 жылы , «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институтын «Электр энергетикасы» мамандығы бойынша 2014 жылы тәмамдадым.

2005 жылы «КРЭК» акционерлік қоғамында электромонтер болып жұмыс істедім.

2016 жылдан бастап Эч-26 мекемесінде инженер болып қызмет атқарып келемін.

Отбасылымын, 4 бала тәрбиелеп отырмын.

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№14 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ЖАКСЫЛЫКОВ СУНКАР ШЫНТАЕВИЧТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Ғ. Мұратбаев, «Бірлік», «Бозкөл», «Тасарық», «Қызылқұм», «Сарыбұлақ» ауылдық округтері мен «Жанқожа батыр», «Кәрібай бұлақ» шекара заставалары орналасқан аумақтардың әлеуметтік дамуын қамтамасыз ету және ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын арттыру жөніндегі бастамаларым.

1.Шалғай елді мекендердегі медициналық қызметті жақсарту

Ауылдық медициналық пункттердің жағдайын жақсарту, қажетті құрал-жабдықтармен қамту және тұрғындарға медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға ықпал ету

2. Мал шаруашылығының дамуына қолдау көрсету

Жайылымдық жерлерді тиімді пайдалану, мал азығын дайындау және мал өсірушілерге арналған мемлекеттік қолдау шараларының қолжетімділігін арттыруға атсалысу.

3. Ауылдар арасындағы жол қатынасын дамыту

Елді мекендерді байланыстыратын жолдардың сапасын жақсарту, жөндеуді қажет ететін жолдарды қалпына келтіру және қауіпсіз қатынасты қамтамасыз етуге ықпал ету.

4. Ауыл мектептерінің әлеуетін нығайту

Білім беру нысандарының материалдық-техникалық базасын жаңарту, оқушыларға сапалы білім алуға қолайлы жағдай жасау мәселелерін көтеру.

5. Таза ауызсудың қолжетімділігін арттыру

Сумен жабдықтау жүйелерін жетілдіру, су желілерін жаңғырту және тұрғындарды сапалы ауызсумен тұрақты қамтуға ықпал ету.

6. Шекара маңындағы әлеуметтік жағдайды жақсарту

Шекара заставалары орналасқан аумақтардағы тұрмыстық инфрақұрылым мен әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін арттыру мәселелерін тиісті органдар алдында көтеру.

7. Ауылдық спорт инфрақұрылымын кеңейту

Жастарға арналған спорт алаңдарын ұйымдастыру, қолданыстағы нысандарды жаңарту және бұқаралық спорттың дамуына қолдау көрсету.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№4 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ КИМ МАРЖАНКУЛЬ ЖУГЕРИБАЕВНАНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Ким Маржанкуль Жугерибаевна 1989 жылы 20 желтоқсанда Қызылорда облысы, Қазалы қаласында дүниеге келдім.

Білім жолын 1996 жылы Ғани Мұратбаев атындағы №17 орта мектепте бастап, 2006 жылы тәмамдадым.

2006–2009 жылдары Ақтөбе көлік, техникалық және жаңа технологиялар колледжінде оқып, экономика, бухгалтерлік есеп және аудит мамандығы бойынша орта арнаулы білім алдым.

2009–2012 жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде оқып, бухгалтерлік есеп және аудит бакалавры дәрежесін алдым.

2022-2024 жылдары «Болашақ» университетінде тарих мамандығы бойынша білім алдым.

Еңбек жолымды 2017 жылы Қызылорда облысы Кәсіпкерлер палатасының Қазалы аудандық филиалында менеджер-кеңесші ретінде бастадым.

2022 жылы 20 желтоқсаннан бастап Қызылорда облысы Кәсіпкерлер палатасының Қазалы аудандық филиалының директоры қызметін атқарып келемін.

Кәсіпкерлік саласында қызмет көрсете отырып, аудан кәсіпкерлерінің дамуына, мемлекеттік қолдауларға қол жеткізуіне, кәсіби бағдар мен бизнес бастамаларды іске асыруға кеңес беру жұмыстарын ұйымдастырып келемін.

Отбасылымын, үш ұлым және бір қызым бар.

№4 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ КИМ МАРЖАНКУЛЬ ЖУГЕРИБАЕВНАНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Әйтеке би кентінің орталық-солтүстік бөлігі сайлау округінің дамуы мен тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған бастамаларым.

1.Тұрғын үй аумақтарын абаттандыру

Тұрғын үйлердің айналасын көркейту, аулаларды ретке келтіру және қолайлы орта қалыптастыруға ықпал ету.

2.Жол және көлік қатынасын жақсарту

Көшелердің жол сапасын арттыру, аялдамаларды жаңарту және көлік қозғалысын реттеуге атсалысу.

3.Санитарлық тазалықты қамтамасыз ету

Қоқыс шығару қызметін жақсарту, қоғамдық орындардың тазалығын сақтау жұмыстарын қолдау.

4.Білім беру саласын қолдау

Білім беру нысандарының жағдайын жақсартуға және оқушыларға қолайлы оқу ортасын қалыптастыруға ықпал ету.

5.Медициналық қызмет сапасын арттыру

Денсаулық сақтау қызметінің қолжетімділігін арттыру және тұрғындардың медициналық мәселелерін шешуге атсалысу.

6.Қоғамдық демалыс орындарын дамыту

Жасыл аймақтарды көбейту, демалыс орындарын көркейту және мәдени іс-шараларды қолдау.

7.Тұрғындармен байланысты нығайту

Халықтың ұсыныс-пікірлерін тыңдау, өзекті мәселелерді тиісті органдарға жеткізіп, шешілуіне ықпал ету.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№11 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ АҚЖОЛОВА САНИЯ НҰРЖАУБАЙҚЫЗЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Ақжолова Сания Нұржаубайқызы 1991 жылы Қызылорда облысы, Қазалы ауданында дүниеге келген. Ыбырай Алтынсарин атындағы №204 мектепті 2007 жылы бітіріп, Түркістан облысы, Кентау қаласындағы "Кентау көп салалы" колледжінің "Құқықтану" мамандығын бітірген.

2010 жылы Кентау қаласының жұмыспен қамту орталығында жұмыс істеген.

2011 жылы Кентау қаласының мемлекеттік архивінде жұмыс атқарған.

2016 жылдан бастап Қазалы ауданында кәсіпкер болып қызмет атқарып келеді.

«Ақжол фарм» ЖШС директоры, «Ақжол строй» дара кәсіпкерлігінің басшысы.

№11 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ АҚЖОЛОВА САНИЯ НҰРЖАУБАЙҚЫЗЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

«Құмжиек», Басықара, «Қарашеңгел» және «Сарыкөл» ауылдық округтерінің экономикалық дамуына серпін беру, ауылдың өмір сапасын арттыру және жергілікті бастамаларды қолдау жөніндегі міндеттерім.

1. Ауылдарды көркейту және санитарлық жағдайын жақсарту

Елді мекендерді көгалдандыру, қоғамдық орындарды абаттандыру, тазалық жұмыстарын жүйелеу және ауылдардың келбетін жақсартуға ықпал ету.

2. Ауыл кәсіпкерлерінің бастамаларын дамыту

Шағын бизнес жобаларын қолдау, ауыл тұрғындарының өз кәсібін ашуына және мемлекеттік жеңілдетілген қ а р ж ы л а н д ы р у мүмкіндіктерін пайдалануына атсалысу.

3. Электр желілерінің сенімділігін арттыру

Ескірген электр бағаналары мен желілерін жаңарту, көшелерді жарықтандыру және электрмен жабдықтау сапасын жақсартуға ықпал ету.

4. Ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтылуын қолдау

Жұмыссыз азаматтарды кәсіби оқыту бағдарламаларына тарту, маусымдық және тұрақты жұмыс орындарының ашылуына жағдай жасауға атсалысу.

5. Мәдениет пен ұлттық құндылықтарды жаңғырту

Ауылдық мәдениет ошақтарының жұмысын жандандыру, ұлттық өнерді дәріптеу және қоғамдық-мәдени іс-шараларды қолдау.

6. Ауылдар арасындағы көлік қатынасын жетілдіру

Елді мекендер арасындағы қатынасты жақсарту, жолаушылар тасымалының қолжетімділігін арттыру және жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін көтеру.

7. Суармалы жерлер мен су жүйелерін тиімді пайдалану

Егістік алқаптарын сумен қамту, суару арналарының жағдайын жақсарту және ауыл шаруашылығында су ресурстарын үнемді пайдалануға ықпал ету.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

№2 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ЖҮСІП ЖАҢАБЕРГЕН СЕРІКҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Жүсіп Жаңаберген Серікұлы 1973 жылы 15 қыркүйекте Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Жанқожа батыр аулында дүниеге келдім. 1980 жылы осы ауылдағы №94 орта мектепке қабылданып, 1990 жылы осы мектепті бітіріп шықтым. 1991 жылы Алматы қаласындағы «Қазақтың Еңбек Қызылту Орденді» ауыл шаруашылығы институтына түстім. 1996 жылы Қазақ Ұлттық Аграрлық Университетін «инженер-Механик» мамандығы бойынша бітірдім.

Еңбек жолымды 1996 жылы ауылдағы «Жүсіп Серік» шаруа қожалығында механик-экспедитор болып бастадым. 1998-2006 жылдары Қазалы аудандық ішкі істері бөлімінде қызмет атқардым. 2006 жылы «РЗА» АҚ-да шебер қызметінде, 2013 жылы «Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы» Қазалы өндірістік бөлімшесінде шебер қызметінде, 2017 жылы «Жүсіп Жаңаберген» жеке кәсіпкерлігімнің басшысы қызметінде болдым. 2023 жылы қараша айынан бастап «Арал-Сарыбұлақ топтық су құбырын пайдаланушы» Қазалы өндірістік бөлімше бастығының орынбасары, 2025 жылдың 15 сәуірінен бастап осы мекеменің бастығы қызметін атқарып келемін.

Отбасылымын, 4 бала тәрбиелеп отырмын.

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№2 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ЖҮСІП ЖАҢАБЕРГЕН СЕРІКҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Әйтеке би кентіндегі бесінші кварталдың инфрақұрылымын дамыту және тұрғындарға жайлы өмір сүру жағдайын қалыптастыру бағытындағы бастамаларым.

1. Жол сапасын жақсарту

Аумақтағы тозығы жеткен жолдарды жөндеу, көшелерге асфальт төсеу және жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға ықпал ету.

2. Көшелерді қалыптастыру жарықтандыру

Жарықтандыру жүйесін жетілдіріп, қараңғы көшелерге қосымша шамдар орнату мәселесін шешуге атсалысу.

3. Аумақты абаттандыру

Көшелердің тазалығын қамтамасыз ету, жасыл желектерді көбейту және қоғамдық орындардағы көркейту жұмыстарын қолдау.

4. Балаларға қолайлы орта қалыптастыру

Заманауи ойын алаңдарын салуға, қолданыстағы алаңдарды жаңартуға және балалардың қауіпсіз демалуына жағдай жасауға ықпал ету.

5. Коммуналдық қызмет сапасын арттыру

Ауызсу, электр және басқа да инженерлік желілердің тұрақты жұмыс істеуіне қатысты мәселелерді шешуге атсалысу.

6. Әлеуметтік мәселелерді шешу

Көпбалалы және әлеуметтік осал отбасыларға қолдау көрсету, мемлекеттік көмектің қолжетімділігін арттыруға ықпал ету.

7. Халықпен тұрақты байланыс

Тұрғындардың ұсыныстарын тыңдап, өзекті мәселелердің шешілуін тиісті мекемелер алдында көтеру.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№13 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ АЛИМБАЕВ АБАЙ КАСКЫРБАЕВИЧТІҢ ӨМІРБАЯНЫ



Алимбаев Абай Каскырбаевич 1976 жылдың 26 сәуірінде Қожабақы елді мекенінде дүниеге келген. Жоғары білімді. 1997 жылы Қазақ мемлекеттік аграрлық университетін «Қаржы және несие» мамандығы бойынша бітірген. Біліктілігі «экономист-қаржыгер».

Еңбек жолын 1997 жылдың қазан айынан Қазалы ауданы бойынша Салық комитетінде салық инспекторы болып бастаған.

- 2001-2006 жылдары Қызылорда облысы бойынша Салық комитетінде бас маман, бөлім басшысы;
- 2006-2008 жылдары «Халық банкі» АҚ Қызылорда облыстық филиалында бас маман;
- 2008-2010 жылдары «Қазақстан» Республикалық телерадиокомпаниясы» АҚ, Қызылорда филиалы, материалдық бухгалтер;
- 2010-2013 жылдары «ЖАСбол» ЖШС, есепші;
- 2013-2017 жылдары «Қазалы Даму қоры», директор;
- 2017-2018 жылдары «Қазалы Құм» ЖШС, директор;
- 2018-2020 жылдары «Қазалы несие КС» ЖШС, несие, мониторинг менеджері;
- 2022-2025 жылдары «Серік ТВ» ЖШС, директордың орынбасары;
- 2025 жылдан бері Қазалы аудандық «Отбасын қолдау орталығының» директоры.

Отбасылы, 3 қыз тәрбиелеп отыр.

№13 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ АЛИМБАЕВ АБАЙ КАСКЫРБАЕВИЧТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Қазалы қаласының батыс бөлігі мен «Аранды», «Өркендеу» ауылдық округтерінде кәсіпкерлік мүмкіндіктерді кеңейту, қоғамдық инфрақұрылымды дамыту және тұрғындардың әлеуметтік белсенділігін арттыру бағытындағы міндеттерім.

1. Жергілікті кәсіпкерліктің дамуына серпін беру

Шағын бизнес өкілдерінің бастамаларын қолдау, ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу және жергілікті өндірісті дамытуға ықпал ету.

2. Қоғамдық қауіпсіздік шараларын күшейту

Көшелерді жарықтандыру, қажетті орындарға бейнебақылау камераларын орнату және жол қауіпсіздігін арттыруға атсалысу.

3. Тұрғындарды жұмыспен қамту мүмкіндіктерін арттыру

Жастар мен жұмыссыз азаматтарды кәсіби даярлау, қайта оқыту және жұмыспен қамту бағдарламаларына тартуға ықпал ету.

4. Экологиялық тазалықты қамтамасыз ету

Тұрмыстық қалдықтарды жинау жүйесін жақсарту, заңсыз қоқыс орындарының алдын алу және тазалық жұмыстарын ұйымдастыруға қолдау көрсету.

5. Қоғамдық көлік қолжетімділігін жақсарту

Қала мен ауылдар арасындағы жолаушылар қатынасын жетілдіру, аялдамаларды ретке келтіру және көлік қызметінің сапасын арттыру мәселелерін көтеру.

6. Мәдени-рухани өмірді жандандыру

Ауылдық мәдениет ошақтарын қолдау, ұлттық дәстүрлерді насихаттау және тұрғындардың қоғамдық іс-шараларға қатысуына жағдай жасау.

7. Су ресурстарын ұтымды пайдалану

Егістік пен шабындық алқаптарын сумен қамтамасыз ету, суару арналарының жағдайын жақсарту және су үнемдеу бастамаларын қолдау.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№2 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ТІЛЕП ІБАЙДУЛЛА ТІЛЕПҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Тілеп Ібайдулла Тілепұлы 1959 жылы Қазалы ауданының «Бозкөл» ауылдық кеңесінде дүниеге келген.

«Лақалы» сегізжылдық мектебін 1974 жылы бітірген соң, келесі жылы Қызылорда ауыл шаруашылығы техникумының «механика» бөліміне оқуға түсті. Техникумды 1979 жылы аяқтап, кейін кәсіби білімін жоғары оқу орнында жалғастырды. Алматы қаласындағы Қазақ ауыл шаруашылығы институтының «механика» факультетін 1989 жылы тәмамдады.

Еңбек жолын Қазалы су торабының дизель-электр станса-сында машинист болып бастаған. Мұнда 1979 жылдан жұмыс істеп, 1982 жылы Кеңес армиясы қатарына шақырылды. Әскери қызметін өтеп, 1984 жылы елге оралды.

Елге келгеннен кейін өндіріс саласындағы жұмысын жалғастырды. Алдымен 1985 жылы № 64 жылжымалы мехколоннада шебер, келесі жылы Қазалы су торабында механик болып еңбек етті. Кейін «Ремводстрой» тресінің Қазалы автоколоннасын 1987–1992 жылдары басқарды. Автоколонна тараған соң, Қазалы аудандық суландыру жүйелері басқармасында екі жыл бас механик болды. Бұдан кейін № 64 жылжымалы мехколоннаның бас механигі қызметін 1995–1997 жылдары атқарды.

Кәсіпкерлікке 1997 жылғы маусымда бет бұрып, «Фирма Тілеп» жеке фирмасын құрды. Қазіргі уақытта «Фирма Тілеп» және «М.Т.Транс сервис-2010» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктеріне басшылық етеді.

Кәсіби еңбегі мен қоғамдық қызметі мемлекеттік марапаттармен атап өтілген. Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасына, «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10 жылдығы құрметіне», «Астанаға 10 жыл», «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 20 жылдығы» және «Ерен еңбегі үшін» медальдарына ие болған. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен төрт мәрте марапатталған.

2021 жылы «Құрмет» орденімен, 2026 жылы «Парасат» орденімен наградталды.

Қызылорда облыстық мәслихатының III, IV, V, VI, VII және VIII шақырылымдарына депутат болып, алты рет сайланған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауында айқындалған бағыттардың іске асуына атсалысуды мақсат етемін. «Әділет» партиясының бес құндылығы мен он негізгі басымдығын басшылыққа ала отырып, халықпен жұмыс жүргізуді негізгі бағдарым санаймын. Басты мақсатым – Арал және Қазалы аудандарының әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ету. Осы мақсатта шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау, жастар бастамаларына мүмкіндік беру, елді мекендердің жол, электр жарығы және газдандыру мәселелерін шешуге күш салуды көздеймін.

№2 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ТІЛЕП ІБАЙДУЛЛА ТІЛЕПҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

2026-2031 жылдарға арналған нақты міндеттемелер

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауында айқындалған бағыттардың іске асуына атсалысуды мақсат етемін. «Әділет» партиясының бес құндылығы мен он негізгі басымдығын басшылыққа ала отырып, халықпен жұмыс жүргізуді негізгі бағдарым санаймын.

1. Кәсіпкерлікті қолдау және ауыл экономикасын дамыту

Арал ауданының округке кіретін ауылдық аумақтары мен Әйтеке би кентінің солтүстік бөлігіндегі кәсіпкерлік бастамаларды қолдауға мән беремін. Облыстық бағдарламада шағын және орта кәсіпкерліктің жалпы өңірлік өнімдегі үлесін 2031 жылға қарай 28,5%-ға жеткізу, ал «Ауыл аманаты» жобасы аясында ауыл тұрғындарына жылдық 2,5%-бен жеңілдікті микрокредит беру көзделген.

Осы бағытта:

Округтегі елді мекендерде шағын және орта бизнесті дамытуға арналған бағдарламалардың іске асуына атсалысу;

Арал және Қазалы аудандарының округке кіретін аумақтарындағы кәсіпкерлік бастамаларды өңірлік қолдау шараларымен ұштастыруға атсалысу.

2. Жастарды қолдау және білім алу мүмкіндіктерін кеңейту

Жастардың өнер мен спорттағы жетістіктерін қолдаумен қатар, білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге назар аударамын. Облыстық бағдарламада «Сапақ» ауылында 100 орындық мектеп салу көзделген. Сондай-ақ, 2028 жылға қарай облыстың орта мектептерін жоғары жылдамдықты интернетпен толық қамту жоспарланған.

Осы мақсатта:

«Сапақ» ауылындағы 100 орындық мектеп құрылысы жобасының іске асуына ықпал ету;

Округтегі ауыл мектептерінің жоғары жылдамдықты интернетке қолжетімділігін арттыруға бағытталған жұмыстарға атсалысу;

3. «Қамыстыбас–Қаратерең» жобасы және елді мекендерді газдандыру

«Қамыстыбас–Қаратерең» газдандыру жобасына қаржы бөлінуіне атсалысуды негізгі міндеттердің бірі санаймын.

№2 округке кіретін Арал және Қазалы аудандарының елді мекендеріндегі газдандыру жұмыстарына ықпал ету;

4. Ішкі жолдарды жөндеу және көлік байланысын жақсарту

Арал және Қазалы аудандарының округке кіретін елді мекендеріндегі ішкі жолдарды күрделі және ағымдағы жөндеуге қаржы бөлінуіне ықпал етуді көздеймін.

5. Электр және ауыз су инфрақұрылымын жаңғырту

Елді мекендердегі электр жарығы мәселелерін ауыз су инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстарымен бірге қарастырамын.

Бағдарламаның негізгі міндеті – №2 округке кіретін аумақтардағы кәсіпкерлік пен жастар бастамаларын қолдап, газдандыру, жол, электр және ауыз су инфрақұрылымына қатысты жобалардың іске асуына ықпал ету.

Өңірлік бағдарламада көзделген есептілік қағидаттарына сәйкес, атқарылған жұмыстар мен шешімін күткен мәселелер туралы тұрғындар алдында жылына кемінде екі рет есеп беруді ұстанамын.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

ЕКПЕ АЛУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МЕН ҚАЖЕТТІЛІГІ

Вакцинация – бұл инфекциялық аурулардан сақтандыруға, ал сырттан келетін жағдайда - инфекциялық ауруларды тоқтатуға және жоюға бағытталған.

Вакцинация – адам организміне вакцина немесе арнайы тәсілмен дайындалған антигендік қасиеті бар заттарды енгізу арқылы белгілі бір жұқпалы аурудан алдын ала сақтандыру үшін қолданылатын әдіс. Жұқпалы ауруларға қарсы екпе жасалатын инфекциялардың атаулары мен мерзімдері Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен бекітілген.

Соңғы жылдары ауданымызда балаларына жұқпалы ауруларға қарсы профилактикалық екпе салдырмай, бас тартып жүрген ата-аналар қатары жиілеп келеді. Екпе жайлы барлық ата-аналардың хабары бар. Алайда, баланы егуге алып келген кезде әртүрлі сенімсіз жағдайлар туындайды. Бұл сенімсіздіктің өз себебі бар. Өйткені қазіргі таңда балаларымызды екпе арқылы қорғайтын жұқпалы аурулар мүлдем кездеспейді. Осыдан 30-40 жыл бұрын ата-аналарға қызылша мен күлдің (дифтерия) қауіптілігі жайлы айтудың қажеті болмады. Ал, көкжөтелдің ауыр жөтелі әрбір қала мен ауыл ауласынан естілетін. Сал ауруының ауыр асқынуы болып табылатын мүгедектіктен қорқыныш әрбір ата-ананың көкейтесті мәселесі болды.

Жоғары да айтып отырған ауруларымыздың барлығы екпемен (вакцинация) басқарылатын аурулар. 1980 жылдары дүниежүзі бойынша шешек (оспа) ауруы мүлде жойылды, оған себеп – екпе. Осындай аурулардан қорғанудың басты жолы 95-100 пайыз алдын ала екпемен қамту екені дәлелденген. Сондықтан елімізде бұл жағдай жолға қойылған.

Бүгінде жер шарында екпе арқылы миллиондаған бала өлімнен, мүгедектіктен аман қалуда. Жұқпалы ауруларға қарсы екпенің қажеттілігі болмаса, қолданысқа енбес еді.

Қауіпті дерттерге қарсы екпе егу жұмыстары әлемдік тәжірибеге еніп отыр. Осыған орай, сәби өмірге келген сәттен бастап белгілі мерзім ішінде түрлі аурулардың алдын алу, жұқпалы дерттерден сақтануды қамтамасыз ету үшін иммундау шаралары қолға алынды. Оның пайдасы мен қажеттілігі туралы түсіндірме жұмыстары әлі де жүргізіліп келеді. Елімізде иммундау шаралары баланың жарық дүние есігін ашқан сәтінен бастап 6 жасқа толғанға дейін кестеге сай жүргізіледі. Ата-анасының рұқсатынсыз балаға екпе салынбайды. Екпені алдын ала арнайы оқытылған медициналық маман тек жұқпалы ауруларға қарсы жүргізуге рұқсат берілген егу бөлмелерінде жүргізеді. Бүгінде пайдаланылып отырған екпе – белгілі бір жұқпалы аурулардың өлі немесе әлсіретілген қоздырғыш микроорганизмдерінен жасалған препарат екенін тағы да нақтылаймыз. Олардың шығарылу тәртібіне қатаң талап қойылып, оның зиянсыздығына, қауіпсіздігіне және тиімділігіне зертханалық, клиникалық тексерулер өткізіледі.

Елімізде жұқпалы ауруларға қарсы, атап айтқанда қызылша, қызамық, шошқа мойын, вирусты гепатит А, вирусты В гепатитіне қарсы, құрөзек, сіріспе, көкжөтел, сал ауруы, гемофильді инфекция, пневмококкты инфекция, тұмау, құтыру, туберкуллез, оба, іш сүзегіне қарсы екпелер тегін жүргізіліп келеді.

2024 жылдың қыркүйек айынан бастап (АПВ) адам папиломасы вирусына қарсы екпесі қосылып, Ұлттық егу күнтізбесіне енгізілді.

Дүние жүзі бойынша осы жұқпалы аурулардың кесірінен мыңдаған адамдар көз жұмады.

Дана халқымыз «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деген қағиданы берік ұстанған, халық денсаулығы – ұлт байлығы. Ал, халық өз денсаулығына салғырттық танытпауы қажет. Сонда ғана дені сау ұрпақ қалыптасады. Балаларыңыздың уақытылы кестеге сәйкес жұқпалы ауруларға қарсы екпе алуын қадағалаңыздар.

С.ШҮКІРӘЛИЕВА,
Қазалы аудандық санитариялық – эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№4 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ СЕРІКОВ ЕРЛАН СЕРІКҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Серіков Ерлан Серікұлы 6 қазан 1990 жылы Жаңақазалы поселкесінде туған. Қазіргі уақытта Әйтеке би кентінде тұрады. 2013 жылы Қызылорда қаласындағы "Болашақ" университетін "Мұнай-газ ісі" мамандығы бойынша бітірген. 2014 жылдан "Қазалы Жолшы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас маманы болып жұмыс атқарып келеді. Өзі ісіне жауапты, жол- көлік инфрақұрылымын жақсы меңгерген. Отбасылы. Сала басшылары тарапынан марапаттар алған.

№4 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ СЕРІКОВ ЕРЛАН СЕРІКҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Әйтеке би кентінің орталық-солтүстік бөлігі сайлау округін дамыту және халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту жөніндегі міндеттерім.

1. Инженерлік инфрақұрылымды жетілдіру

Электр, су және кәріз желілерінің сапасын жақсарту, тозған жүйелерді жаңғырту мәселесін көтеру.

2. Көше қауіпсіздігін арттыру

Көшелерді жарықтандыру, қажетті орындарға бейнебақылау камераларын орнатуға ықпал ету.

3. Жаяу жүргіншілерге жағдай жасау

Тротуарлар салу, жаяу жүргіншілер өткелдерін жаңарту және жол қозғалысының қауіпсіздігін арттыруға атсалысу.

4. Жастар бастамаларын қолдау

Жастардың қоғамдық белсенділігін арттыру, мәдени және спорттық жобаларды жүзеге асыруға қолдау көрсету.

5. Шағын кәсіпкерлікті дамыту

Жергілікті кәсіпкерлердің бастамаларын қолдап, жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал ету.

6. Әлеуметтік қолжетімділікті арттыру

Қарттар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қоғамдық нысандардың қолжетімді болуына және әлеуметтік қолдау мәселелерінің шешілуіне атсалысу.

7. Халықпен ашық байланыс орнату.

8. Жұмыссыз жастардың жұмыспен қамтылуын бақылауға алатын боламын.

9.Әйтеке би кентінің орталығынан жабық спорт кешенін салуды қолға аламын.

10. Округтегі әлеуметтік нысандардың материалдық-техникалық базасын нығайтуға күшімді саламын.

Тұрғындардың өтініштерін жүйелі қарау, өзекті мәселелерді құзырлы органдарға жеткізу және орындалуын қадағалау.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді



№15 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ РАЙМБЕРДИЕВ МЕЙРАМБЕК ТЕМИРХАНОВИЧТІҢ ӨМІРБАЯНЫ

Мен, Раймбердиев Мейрамбек Темирханович 7 наурыз 1983 жылы Қызылорда облысы, Арал ауданы, «Қасқақұлан» ауылдың кеңесі «Шөмішкөл» елді мекенінде дүниеге келдім. 1989-2000 жылдары №81 «Қызылжар» орта мектебінде білім алып шықтым. 2002-2007 жылдары Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтына оқуға түсіп, Тарих және география мамандығын тәмәмдадым. 2008 жылдан бастап Қазалы көлік-техникалық жоғары колледжінде тарих және география пәнінің оқытушысы қызметінатқарып келемін.

Отбасылымын. 3 ұл, 2 қызым бар.

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№15 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ РАЙМБЕРДИЕВ МЕЙРАМБЕК ТЕМИРХАНОВИЧТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

«Арықбалық», «Шәкен», «Көларық», «Майлыбас» ауылдық округтері және «Майлыбас», Байқожа, №99, №101, №102 теміржол бекеттері аумағында экономикалық мүмкіндіктерді кеңейту, ауылдық өмірді жаңғырту және жергілікті бастамаларды дамыту жөніндегі міндеттерім

1. Ауыл кәсіпкерлігінің дамуына серпін беру

Шағын бизнес өкілдерінің бастамаларын қолдау, мемлекеттік бағдарламаларға қатысу мүмкіндіктерін кеңейту және жергілікті өндірісті дамытуға ықпал ету.

2. Цифрлық инфрақұрылымды дамыту

Шалғай ауылдар мен теміржол бекеттерінде интернет және ұялы байланыс сапасын жақсарту, цифрлық қызметтердің қолжетімділігін арттыру мәселелерін көтеру.

3. Мәдени-рухани өмірді жаңғырту

Ауылдық мәдениет ошақтарының жұмысын жандандыру, ұлттық дәстүрлерді дәріптеу және тұрғындарға арналған мәдени іс-шараларды қолдау.

4. Электрмен жабдықтаудың сенімділігін арттыру

Ескірген электр желілерін жаңарту, жарықтандыру жүйесін жетілдіру және электр қуатының тұрақты берілуіне ықпал ету.

5. Жастардың кәсіби дамуына жағдай жасау

Жастарды кәсіптік оқытуға, жұмыспен қамту бағдарламаларына тартуға және еңбек нарығына бейімдеуге бағытталған бастамаларды қолдау.

6. Елді мекендердің экологиялық жағдайын жақсарту

Ауылдарды көгалдандыру, тұрмыстық қалдықтарды жинау жүйесін реттеу және санитарлық тазалық жұмыстарын жетілдіруге атсалысу.

7. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің нарыққа шығуын қолдау

Жергілікті шаруалардың өнімдерін тиімді өткізуіне жағдай жасау, ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту және өткізу нарығына қолжетімділікті кеңейтуге ықпал ету.

8.Округке қарасты ауылдар орталығынан жабық спорт кешенін салуды қолға аламын.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№3 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ САТЫМ МЕЙРАМБЕК ҚҰРМАНАЙҰЛЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Сатым Мейрамбек Құрманайұлы 1972 жылы 6 тамызда Арал ауданы, Сексеуіл кентінде дүниеге келдім. Отбасы жағдайыммен Қазалы ауданы, Жаңақазалы поселкесіне қоныс аударды. Он жылдық мектепті бітірдім. 1989 жылы Қызылорда қаласындағы Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтының Қызылорда филиалын 1994 жылы бітіріп, инженер-агроном мамандығын алдым. 1994 жылы ПМК-86 мекемесінде жұмыс істедім. 1995 жылы мекеменің жабылуына байланысты ПЧ-40 мекемесіне жұмысшы болып орналастым.

М.Тынышбаев атындағы Қазақ академиясының көлік және коммуникациясы институтына 2001 жылы оқуға түсіп, 2004 жылы инженер-электрик мамандығын алдым. 1995 жылдан электромонтер, электромеханик болып жұмыс істеп, инженерлік дәрежеге көтерілдім. 2016 жылы «Үздік рационализатор» құрметті белгісі берілді. 2026 жылы теміржолда 30 жыл мінсіз жұмыс істегенім үшін құрметті белгі берді. Қазіргі таңда инженер қызметін атқарып келемін.

Отбасымда 2 ұл, 1 қызым бар. Барлығы қызметте. Зайыбым Сәуле Наурызбаева Өнер мектебінде оқытушы болып жұмыс істейді.

№3 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ САТЫМ МЕЙРАМБЕК ҚҰРМАНАЙҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Әйтеке би кентінің орталық-солтүстік бөлігінің инфрақұрылымын жетілдіру және тұрғындарға қолайлы тұрмыс жағдайын қалыптастыру жолындағы бастамаларым.

1.Жол инфрақұрылымын дамыту

Округ аумағындағы жөндеуді қажет ететін көшелердің жол сапасын жақсартуға, асфальт төсеу және жолдарды жаңғырту жұмыстарына ықпал ету.

2. Көшелерді жарықтандыру

Жарықтандыру жүйесін кеңейту, жарық шамдары жеткіліксіз көшелерге қосымша шамдар орнату және тұрғындардың қауіпсіздігін арттыруға атсалысу.

3. Ауызсу жүйесінің сапасын жақсарту

Тұрғындарды сапалы ауызсумен қамтамасыз ету, су желілерін жаңарту және сумен жабдықтаудағы мәселелерді шешуге ықпал ету.

4. Қоғамдық орындарды абаттандыру

Кент аумағын көгалдандыру, көшелерді көркейту, демалыс орындарын жаңарту және санитарлық тазалықты қамтамасыз етуге атсалысу.

5. Балалар ойын алаңдарын көбейту

Балалардың қауіпсіз демалысын қамтамасыз ету мақсатында заманауи ойын алаңдарын салуға және қолданыстағы алаңдарды жаңартуға ықпал ету.

6. Әлеуметтік қолдауды күшейту

Аз қамтылған, көпбалалы отбасылар мен ерекше қажеттілігі бар азаматтардың әлеуметтік мәселелерін шешуге және мемлекеттік қолдаудың қолжетімділігін арттыруға атсалысу.

7. Тұрғындармен тұрақты байланыс орнату

Халықтың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, көтерілген мәселелерді тиісті мекемелерге жеткізу және олардың шешілу барысын бақылауда ұстау.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

29 ҚАРАША – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘСЛИХАТТАРЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫ

№3 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ДІЛМАҒАНБЕТ АЙГҮЛ МАХАНЖАНҚЫЗЫНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Мен, Ділмағамбет Айгүл Маханжанқызы 3 тамыз 1977 жылы Қазалы қаласында дүниеге келдім. 1986-1994 жылдары Қазалы қаласындағы М.Горький атындағы №16 орыс мектебін бітірдім.

1994-1998 жылдары Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата университетінің экономика факультетін бітірдім. 1999 жылдан бастап М.Горький атындағы №17 мектепте информатика пәнінің мұғалімі болып жұмыс істеймін.

2002 жылы Ақтөбе қаласындағы Жұбанов атындағы педагогикалық университетін "информатика" мамандығы бойынша сырттай оқып бітіргенмін.

2016 жылдан бастап дәріхана кәсібімен айналысып, қазіргі таңға дейін халыққа қызмет істеп келемін.

Бір ұл, екі қыз тәрбиелеп отырмын.

№3 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ДІЛМАҒАНБЕТ АЙГҮЛ МАХАНЖАНҚЫЗЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Әйтеке би кентінің орталық-солтүстік бөлігіндегі қоғамдық қауіпсіздікті нығайту, әлеуметтік мүмкіндіктерді кеңейту және тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған міндеттерім.

1. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Округтің қажетті аумақтарына бейнебақылау камераларын орнатуға және қоғамдық тәртіпті нығайтуға бағытталған шараларды қолдау.

2. Жаяу жүргіншілерге қолайлы жағдай жасау

Тротуарлар салу, жаяу жүргіншілер өткелдерін ретке келтіру және жол белгілерін жаңарту арқылы қауіпсіз қозғалысты қамтамасыз етуге ықпал ету.

3. Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру

Жастарға арналған мәдени, танымдық және қоғамдық іс-шараларды қолдау, олардың белсенділігін арттыруға бағытталған жобаларды дамытуға атсалысу.

4. Бұқаралық спортты дамыту

Ашық спорт алаңдарын салу, қолданыстағы спорт нысандарын жаңарту және тұрғындарды салауатты өмір салтына тартуға ықпал ету.

5. Шағын кәсіпкерлікті қолдау

Жергілікті кәсіпкерлердің бастамаларын қолдау, шағын бизнестің дамуына және жаңа жұмыс орындарының ашылуына қолайлы жағдай жасауға атсалысу.

6. Қоршаған ортаның тазалығын сақтау

Қоқыс жинау және шығару жұмыстарын жүйелеу, тұрмыстық қалдықтарға арналған контейнерлерді көбейту және экологиялық мәдениетті қалыптастыруға ықпал ету.

7. Ашықтық пен халық алдындағы жауапкершілік

Тұрғындармен жүйелі кездесулер өткізу, олардың өтініштерін назарда ұстау және атқарылған жұмыстар туралы тұрақты есеп беруді қамтамасыз ету.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді



№10 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ СЕЙТБАЕВ СЕРИКБОЛ АЛПАМЫСОВИЧТІҢ ӨМІРБАЯНЫ

1984 жылы 31 шілдеде Қазалы ауданы, Ғ.Мұратбаев аулында дүниеге келген. 2001 жылы Ғ.Мұратбаев ауылындағы Ғ.Мұратбаев атындағы №91 орта мектебін бітірген. 2003-2005 жылдары әскерде болған. 2006-2016 жылдары «РЗА-Агро» ЖШС-де шебер қызметін атқарған. Қызылордағы қалалық «Болашақ» коледжін бітірген. 2022 жылдан бастап «Нұрас и Компания» ЖШС-де бас механик болып жұмыс атқарып келеді.

Әр жылдары аудан әкімінің Алғыс хаттарымен, Қызылорда облыстық жол басқармасы басшылығының, «Казавтожол» АҚ-ның облыстық филиалы басшысының алғыстарымен марапатталған.

Отбасылы, Зайыбы Дилманова Гүлнар екеуі 5 қыз, 2 ұл бала тәрбиелеуде.

№10 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ СЕЙТБАЕВ СЕРИКБОЛ АЛПАМЫСОВИЧТІҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Қазалы қаласының солтүстік, шығыс және оңтүстік бөліктеріндегі әлеуметтік-тұрмыстық жағдайды жақсарту, қалалық инфрақұрылымды жетілдіру және тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру жөніндегі бастамаларым.

1. Әлеуметтік нысандардың жағдайын жақсарту

Білім беру және денсаулық сақтау нысандарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға, тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға ықпал ету.

2. Жасыл желек пен экологиялық тепе-теңдікті сақтау

Қала аумағында ағаш отырғызу, жасыл аймақтарды көбейту және оларды күтіп ұстау жұмыстарын жүйелеуге атсалысу.

3. Көше жолдарын сапалы жөндеу

Жөндеуді қажет ететін көшелерді кезең-кезеңімен асфальттау, жол жабындысын жаңарту және көлік қозғалысының қолайлылығын арттыруға ықпал ету.

4. Балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыру

Балаларға арналған ойын алаңдарын көбейту, танымдық үйірмелер мен шығармашылық бастамалардың дамуына қолдау көрсету.

5. Қаладағы санитарлық тазалықты жетілдіру

Тұрмыстық қалдықтарды уақытылы шығару, қоқыс жинау орындарын реттеу және тазалық жұмыстарын күшейтуге атсалысу.

6. Коммуналдық қызметтердің тұрақтылығын қамтамасыз ету

Ауызсу, электр және кәріз желілерінің сапасын жақсарту, тозған инженерлік жүйелерді жаңғырту мәселелерін көтеру.

7. Қоғамдық көлік қатынасын оңтайландыру

Тұрғындарға қолайлы көлік бағыттарын қарастыру, аялдамаларды жаңарту және жолаушыларға сапалы қызмет көрсетуге ықпал ету.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

№10 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ВАЛИЕВА МОЛДИР ТЛЕПБЕРГЕНОВНАНЫҢ ӨМІРБАЯНЫ



Валиева Молдир Тлепбергеновна «Республикалық орман селекциялық тұқым өсіру орталығы» РМҚК Оңтүстік-батыс аймақ филиалының директоры.

1988 жылы Қазалы ауданында дүниеге келген.

Білімі жоғары. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетін «Орман ресурстары және орман шаруашылығы» мамандығы бойынша бітірген.

2019 жылдың қазан айынан бастап «Республикалық орман селекциялық тұқым өсіру орталығы» РМҚК Оңтүстік-батыс аймақ филиалының директоры қызметін атқарып келеді.

№10 БІРМАНДАТТЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТЫҒЫНА КАНДИДАТ ВАЛИЕВА МОЛДИР ТЛЕПБЕРГЕНОВНАНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫНАН

Қазалы қаласының солтүстік, шығыс және оңтүстік бөліктерінің экономикалық әлеуетін арттыру, қоғамдық қауіпсіздікті нығайту және әлеуметтік мүмкіндіктерді кеңейту бағытындағы міндеттерім.

1. Шағын кәсіпкерлікке жаңа мүмкіндіктер ашу

Жергілікті кәсіпкерлердің бастамаларын қолдау, сауда және қызмет көрсету саласын дамытуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал ету.

2. Жаяу жүргіншілерге қауіпсіз орта қалыптастыру

Тротуарлар салу, мектеп маңындағы өткелдерді реттеу және қажетті жол белгілерін орнату мәселелерін көтеру.

3. Бұқаралық спорттың қолжетімділігін арттыру

Ашық спорт алаңдарын ұйымдастыру, спорттық жабдықтарды жаңарту және тұрғындарды салауатты өмір салтына тартуға атсалысу.

4. Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті нығайту

Көшелерге бейнебақылау камераларын орнату, жарықтандыру сапасын арттыру және құқық бұзушылықтың алдын алу шараларын қолдау.

5. Мәдени-рухани құндылықтарды дәріптеу

Қаланың тарихи мұрасын сақтау, ұлттық дәстүрлерді насихаттау және мәдени-көпшілік іс-шараларды ұйымдастыруға ықпал ету.

6. Әлеуметтік осал топтардың мүддесін қорғау

Зейнеткерлерге, көпбалалы отбасыларға және ерекше қажеттілігі бар азаматтарға мемлекеттік қолдау шараларының қолжетімді болуына атсалысу.

7. Жаңбыр және еріген су мәселесінің алдын алу

Су жиналатын көшелерді анықтау, су бұру арналарының жағдайын жақсарту және тұрғын үйлерді су басу қаупін азайтуға ықпал ету.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен төленді

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, **бас редактор** - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru **Таралымы 11707 дана.**